

«Дәуіршам» - озық тәжірибе тарату мектебі

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияның мүмкіншіліктері

Еліміздің білім беру туралы заңындағы мемлекеттік саясаттың принциптеріне сәйкес білім беру жүйесін ақпараттандыру оқытудың педагогикалық технологияларды енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу мәселелері іске асырылып келеді. Себебі: дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерінде соңғы кезде кәсіптік білім алу ауқымы кеңейіп келеді. Студенттердің әлеуметтік құрамы өзгеріп, демократияландыру процесі дами түсті. Сондай-ақ кәсіптік білім беретін оқу орындарының білім бағдарламаларының мазмұнын өзгеруде.

Алайда, көпшілік оқулық пен әдістемелік құралдардың сапасының төмендігі, бірқатар оқытушылардың шеберлігінің төмендігі, оқу материалын толық игеруге қол жеткізетін әдістемелер мен оқыту технологияларының пайдаланылмауы білім сапасының төмендеуіне әсер етуде. Сондықтан да алдыңғы қатарлы елдер саясатында білім сапасын көтеру өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселені шешу жоғары мектеп қызметіне жасалатын мемлекеттік бақылау механизмін реформалау арқылы қолға алынууда.

Кез-келген біртұтас жүйенің өз дамуы барысында, дамудың тиімді жолдарын іздеп, түрлі өзгерістер, реформалар жасап отыратыны тәрізді білім беру жүйесі де өз дамуы тарихында ұдайы реформалар жасаумен келе жатыр. Қазіргі кезде білім сапасын көтерудің жолы мемлекеттік бақылау ғана болып табылмайды, оқыту мен тәрбиелеу процесін модернизациялау да бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Егемендік қолға тигелі бері жүргізіліп жатқан реформа – білім жүйесінің тек қондырмалық элементтерін ғана емес, оның базистік негізін, яғни әдіснаманы, парадигманы қозғайтын, оның барлық аспектілерін тхтас алып, жүйелі өзгертуді талап ететін реформа. Әлемдік тәжірибеде мектептен бастап оқу бағдарламаларын реформалау қолға алынып және оның екі бағытпен келе жатқандығын байқаймыз. Біріншісі – дәстүрлі жол. Екіншісі – мақсатты, құрылымы, мазмұны жағынан жаңа бағдарламалар жасау жолы. Әрине, қай реформаның да басты мақсаты – жоғарыда айтылғандай, жүйенің тиімділігін арттыру. Ал білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі – білім сапасы.

«Білім сапасы» ұғымын қарастырмас бұрын біз мына жағдайларды есте ұстауымыз керек. «Сапа» ұғымы жалпылама

түрде белгілі бір қажеттілікті қамтамасыз ету. Профессор Э.Короткованың анықтамасы бойынша, - «Білім сапасы – бұл қазіргі экономикалық даму талаптарына сәйкес мамандардың кәсіби іс - әрекетін жоғары деңгейде орындай алу қабілетін анықтайтын кәсіби таным сипатының комплексі».

Бірақ, білім сапасын бағалау әдісіне жүргізілген талдаулар, «білім сапасы» ұғымына берген әр түрлі авторлардың

мазмұнын қайта қарау керек. Әсіресе бұл кәсіптік білім беретін оқу орындарына қажет. Өйткені жаһандану кезеңінде өндіріс салалары біршама өзгерістерге ұшырап жатқан кезеңде кәсіптік-техникалық кадр дайындайтын оқу орындарының көпшілігі педагогикалық технологияларға бет бұра бастады.

Арнаулы орта кәсіптік білім құрамындағы педагогикалық білім дамудың басты тенденциялары сапалы білім алуға ұмтылу,



анықтамасы сияқты жоғарыда айтылғанды ескермейді, әрі шындықпен жанаспайды.

Бірқатар авторлар білім сапасын, білім беру жүйесінің функционалдау сапасы ретінде анықтаса, екінші біреулері студенттердің берілген нормативті оқыту деңгейін меңгерудегі жеткен жетістігі ретінде қарастырады, ал дидактикада білім сапасы студенттердің оқу әзірлігінің басты, маңызды қасиеті ретінде, білім беру мазмұнының интегралды көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Жалпы білім сапасы дегеніміз өзі қойылған мақсаттың алынған нәтижеге сәйкес келуі. Дәлірек айтқанда мәселе «оқытудың сапасы» туралы, бірақ күнделікті тәжірибеде ол «білім сапасы» деп қолданып жүргендіктен біз де сол атауды пайдаланып отырмыз.

Біздің ойымызша, кәсіптік білім беретін оқу орнында да осы жол арқылы білім

оқытушылардың педагогика-психологиялық дайындықтарының күрделенуі, күшеюі, оқу бағдарламаларындағы түрлі мамандандырылу, кәсіптік-техникалық кадрларының біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру т.б. болып анықталып отыр.

Білім ғылыми түсініктер мен заңдылықтар түріндегі адамның объективті іс-әрекетінің көрінісі. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті білімді мамандар даярлау басты назарда.

Жаңашылдықтың қажеттілігі бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп оқушыларының білімге, дағдыға шеберлікке деген ұмтылысы, сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы. Технологияны, ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана қолға өз бағытын нығайта алады. Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің

негізгі факторы болып табылады.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар білім беру үдерісінде ең тиімді оқыту құралдарының бірі.

Кәсіптік білім беру базасының тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану мен студенттер ақпараттық қажеттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Үшінші мыңжылдық кезінде қоғамның даму көрсеткіші ретінде ақпараттық қоғамға өту ісі алынады да, ал оның ең анықтаушы ролін ақпарат түсінігі атқарады. Ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптаса бастады.

Колледждің тарих пәні оқытушылары үшін тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігіне тоқталсақ:

- қашықтықтан білім алатын студенттердің білім алуына мүмкіншілік туғызуы;
- білім алушының өз бетімен жұмыс жасауына;

- уақытын тиімді үнемдеуге;
- білім – білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруде;
- өздеріне қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;

- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- білім алушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігін алдыңғы қатарлы ұстаздар өз тәжірибесінде жүйелі түрде көрсете біледі. Біз де өз кезегінде ақпараттық технологияны пайдалану іс-тәжірибесі тиімді әдіс деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны пайдалану – бұл оқытудың негізгі қызметтерін орындайтын және педагогтың қатысуынсыз жүзеге асыратын екінші реттегі оқыту құралы. Ол дидактикалық мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оқытуға мүлдем жаңа сапалы сипат береді және оқушының жеке қажеттіліктерін толығырақ қанағаттандыруға сондай-ақ жеке қабілеттерін дамытуға елеулі септігін тигізеді.

**Ж.М.МОЛДАСАПАРОВА,
Ф.Р.АЙНАБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің тарих
пәні оқытушылары.**